

БЕКІТЕМІН

Қарағанды облысы білім беруді
дамытудың оқу-әдістемелік
орталығының директоры

Г. Қожахметова



« _____ » _____ 2019 жыл

**АГРО «CITY FARMING»
облыстық конкурсының ережесі**

Қарағанды қ.
2019 жыл

Жалпы ережелері

АГРО «City Farming» облыстық конкурсының негізгі Ережесі (әрі қарай Ереже) облыстық конкурстың (әрі қарай Конкурс) ұйымдастыру тәртібін және өткізілуін, оның ұйымдастырушылық-әдістемелік қамсыздануын, қатысу тәртібін және жеңімпаздарды анықтауды айқындайды.

Конкурс мақсаты: Гидропониялық және аэропоникалық технологияларды қолданып, жыл бойы топырақсыз өсімдіктерді өсірудің заманауи жүйелерін пайдалану арқылы оқушылардың ғылыми-зерттеу дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін және STEM білім алуға қызығушылығын дамыту;
2. тұлғаның түйінді құзіреттігін, кәсіби-мәнді қасиеттерін және STEM білім алу мен ақпараттық технологиялар аймағында пәндік білімді, практикалық қолданудың уәждемесін қалыптастыру;
3. білім алушылардың өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі шығармашылық іске асыруына арналған қолайлы жағдайлар құру;
4. биотехнологиялық мамандықтардың беделін күшейту;
5. білім алушылардың мақсатқа бағытталған кәсіби бағдары;
6. ғылыми және бизнес-қауымдастықтарды талантты мектеп оқушыларымен жұмыс істеуге жұмылдыру.
7. ауыл шаруашылығында роботтандыруды дамыту

Конкурс Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы арқылы өткізіледі (әрі қарай Ұйымдастыру комитеті).

Конкурсты ұйымдастыру және өткізу

Конкурсқа дайындық және өткізу бойынша ұйымдастыру жұмыстарының құрамына Қарағанды облысы білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының әдіскерлері кіретін Ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

Конкурсқа STEM білім беру, биоинженерия және т.б. аймағында ғылыми-зерттеушілік қызметпен айналысатын 8-11 сынып оқушыларының тобын ұсынатын командалар шақырылады.

Конкурс 2019 жылдың 29 наурыз күні «RoboLand 2019» V Халықаралық Робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестивалі негізінде өткізіледі. Мекенжайы: Караганды қаласы, Қазақстан көшесі 1/4, «Жастар»спорт кешені.

Қатысушылар umc-ro@umckrg.gov.kz Ұйымдастыру комитетінің мекенжайына 2019 жылдың 20 ақпанына дейін кешіктірмей өтінім формасын жолдайды.

Қатысушылардың жұмыс жобалары 2019 жылдың 15 наурызына дейін

қабылданады. «RoboLand 2019» V Халықаралық Робототехника, бағдарламалау және инновациялық технологиялар фестиваліне қатысушылардың үздік жұмыстары тандап алынады.

Команда басшысы конкурс қатысушыларының конкурстың өткізу орнына жол тартқандағы, оны өткізу кезіндегі және тұрғылықты жеріне қайтар жолдағы қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Ұйымдастыру комитетінің, конкурс әділқазыларының атқаратын қызметтері:

Конкурстың ұйымдастыру комитеті:

1. конкурстың өткізу формасын анықтайды және оның ұйымдастырушылық-әдістемелік қамсыздануын жүзеге асырады;
2. конкурсты өткізудің уақыт тәртібін орнатады;
3. конкурсты тікелей өткізуді қамтамасыз етеді;
4. конкурстың әділқазылар құрамын қалыптастырады;
5. конкурстың әділқазыларымен бірлесіп қатысушылардың апелляциясын қарастырады және оларды қарастыру нәтижесінде соңғы шешімді қабылдайды;
6. конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің тізімін бекітеді;
7. жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды;
8. конкурстың критеріі мен бағалау әдістемесін жасап шығарады;
9. конкурс әділқазыларымен бірлесіп қатысушылардың апелляциясын қарастырады;
10. конкурстың әдістемелік және мазмұнды тұтастығын қамтамасыз етеді және конкурс туралы ережеге сәйкес басқа да атқаратын қызметтерін жүзеге асырады;
11. жарыс ұйымдастырушылары жарыстың басталуына дейін уақыт тәртібіне өзгерістер немесе ерекшеліктер енгізуі мүмкін, содан кейін олар бүкіл іс-шара барысында тұрақты болып табылады;
12. жарыстың уақыт тәртібінің өзгерістері немесе күшін жоюы туралы қатысушылар жарыстың басталуына дейін алдын ала (15 минуттан кешіктірмей) құлақтануы тиіс;
13. өзгертілген ережелер жарыс кезінде жүйелі қолдауға ие болады.

Конкурс әділқазылары:

1. конкурс қатысушыларының тексеру нәтижелерін бақылайды және бағалайды;
2. конкурстың хаттама нәтижелерін бекітеді;
3. конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің кандидатурасын анықтайды;
4. конкурс туралы ережеге сәйкес басқа да атқаратын қызметтерді жүзеге асырады.

Конкурсқа қатысудың шарттары мен тәртібі

1. Конкурс жеке немесе командалық көрсетілім түрінде жүргізіледі.
2. Команда құрамы: 1-ден 3 адамға дейін.
3. Әрбір командаға міндетті талаптар: команданың аты, эмблемасы, киіміндегі ерекше белгілер (біріңғай командалық форма).
4. Әрбір жобаның ғылыми жетекшісі болуы қажет.
5. Конкурстың қатысушылары жекелей орындаған ғылыми және инновациялық жобаларын — жаңа ғылыми, инженерлік, зерттеушілік немесе қолданбалы нәтижелерден тұратын пайдаланудағы гидропонды, аэропонды және аквапонды жүйелерді ұсынады.
6. Зерттелуші проблеманың өзектілігі мен жаңашылдығы, жасалған зерттеулердің дәрежесі мен көлемі, алға қойылған міндеттердің орындалу нәтижелілігі, жұмыстың практикалық маңыздылығы, жеке үлесі, шешендік шеберлігі.
7. Бұл зерттеудің практикалық үлесіне үлкен мән беріледі.
8. Зерттеу жобаларын қорғау уақыты – көрсету материалын (макеттер, модельдер, видеолар және т.б.) пайдалану арқылы 7 минут.
9. Ұсынылған жұмыс 1 м x 0,6 м көлемінен аспауы қажет.
10. Зерттеу жобаларын қорғауға реферативтік сипаттағы жұмыстар жіберілмейді.

Көрсетілу алаңының техникалық шарттары

1. Әрбір команда жұмысын орналастыру үшін үстел (1 м x 0,6 м) алады.
2. Жалпы кеңістігі 2x2 м., оған жоба қатысушылары өз нәтижелерін көрсету үшін баннер (баннер көлемі 180x80 см аспауы қажет) орналастыра алады.
3. Командалар үшін электрмен қоректену нүктелері (220 В) қолжетімді болады, алайда команданың электрқоректі өзінің орналасу орнына жеткізуді қамтамасыз етуге арналған жеке фильтрі болуы қажет. Қолдану қуаты 0,5 кВт аспайды.
4. Электрондық презентациялар, видеоларды көрсету үшін ноутбук, дыбыс күшейткіштері болуы қажет.
5. Конкурсты өткізу кезінде, конкурс қатысушылары өз жобаларын қорғайтын алаңда тек қатысушылар, Ұйымдастыру комитетінің мүшелері, конкурстың әділқазылары, конкурс ұйымдастырушыларының өкілдері бола алады. Басқа

тұлғалар, оның ішінде баспасөз өкілдері мен қоғамдық бақылаушылар тек конкурстың Ұйымдастырушы комитетінің рұқсатымен ғана алаңда бола алады.

6. Тұтастай алғанда, ең көп ұпайлар санын жинаған команда жеңімпаз-команда болып есептелінеді.
7. Мына жағдайларда Ұйымдастырушы комитет пен әділқазылардың қатысушылар құқығын шектеуіне және жекелей міндеттері бойынша олардың ұпайларын жоюына құқықтары бар:
 - Конкурс өткізудің уақыт тәртібі қатысушы арқылы бұзылған болса.
 - Қатысушы тарапынан кез келген бұзақылық әрекеттер орын алған болса.
8. Командалар мен жарысқа қатысушылар өз жабдықтарының қауіпсіздігі үшін жеке жауапкершілікті, сонымен қатар ҚР Заңнамасына сәйкес, команда қатысушыларының әрекеттерінен немесе олардың жабдықтарынан туындаған кез келген қолайсыз жағдайларға жауапкершілікті өз мойындарына алады.
9. Жарыс ұйымдастырушылары кез келген қолайсыз жағдайларға немесе команда қатысушыларының әрекеттерінен немесе олардың жабдықтарынан туындаған апаттар үшін жауапкершілік тартпайды.

Конкурсты бағалау критерийлері

№	Критерий	Ұпайлар
1	Автордың өзіндік ерекшелігі. Дәстүрлі емес техникалық шешімдер, толығымен тәуелсіз даму	0-5
2	Өнімділік Қондырғы өсіру алаңының көлемі, гидропоника, аэропоника және аквопоника әдісімен өсірілген ең көп дақылдардың саны	0-5
3	Көпфункционалдылық Гидропоника, аэропоника және аквопоника әдісімен әр түрлі дақылдарды өсіру мүмкіндігі	0-8
4	Үнемділік Электр энергиясын тұтыну (баламалы көздер)	0-8
5	Автоматтандыру Датчиктердің бар болуы (температура, ылғалдылық, жарықтандыру, сапаны анықтау және т.б.)	0-8
6	Ықшамдау Орнатылған аумақ	0-5
7	Қарапайым, сенімді, жайлы Құрылыс материалдары мен жабдықтардың қол жетімділігі, орнатудың сенімділігі, тасымалдауға қолайлы.	0-8
8	Мобилді (қажет)	0-5

Конкурс қатысушыларын марапаттау

1. Конкурс жүлдегерлері, әділқазылар шешімі бойынша, бірінші, екінші, үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталады.
2. Оқушылары жүлделік орындарға ие болған жалпы білім беру ұйымдарының мұғалімдері, оқытушылары сертификаттармен марапатталады.